



Карыш Сания
ҚҚ-411



Тақырыбы:
Банк балансын
талдаудың негізгі
бағыттары.



Коммерциялық банктің балансын экономикалық - қаржылық тұрғыдан талдаудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- 1) банктің пассивтік операцияларының құрылымын талдау;
- 2) банктің активтік операцияларының құрылымын талдау;
- 3) банктің активті – пассивті операцияларының құрылымын талдау;
- 4) банк қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау.

Пассив



▪ *Банктің пассивтік операциялары қаражат тарту көздері мен банктік қаржылық қарым-қатынастарының табиғатын сипаттайды.*

- 
- *Пассивтік операциялардың нәтижесінде банктердің ресурстық базасы қалыптасады және сол арқылы банк ресурстарының пайдаланудың негізгі бағыттары мен мөлшері анықталады.*
- 

Банктің пассивтік операцияларының негізгі формаларына мыналар жатады:

- *1) Өз табыстарын қалыптастыруға және ұлғайтуға бағытталған банк пайдасының бір бөлігін аудару операциялары;*
- *2) Басқа заңды тұлғалардан алынған несиелер;*
- *3) Банктің депозиттік операциялары;*
- *4) Банктің бағалы қағаздар шығарып, сату арқылы тартылған қаражаттары.*

- *Банктің пассивтік операцияларын талдаған кезде, ең алдымен, банктің меншікті қаражаттары мен сырттан тартылған қаражаттардың үлес салмақтарын және арақатынастарын анықтау қажет.*





- *Талдаудың екінші кезеңінде банк міндеттемелерінің клиенттер топтары бойынша және орындалу мерзімдері бойынша үлес салмақтары анықталады.*
- *Мұндай талдаудың нәтижесінде банк ресурстарының экономиканың қандай салаларынан және қандай мерзімге тартылғандығын анықтауға болады.*

Пассивтік операциялардың құрылымын талдау барысында банк пассивтерін басқару жөніндегі негізгі міндеттер анықталады:

- *1) Банктің міндетті резервтерінен басқа бағыттағы табыс әкелмейтін қаражаттарының болуына және оның ұлғаюына жол бермеу;*
- *2) Клиенттердің алдындағы міндеттемелерді орындауға және әртүрлі активтік операцияларды дамытуға қажетті несиелік ресурстарды табу және олардың мөлшерін ұлғайту;*
- *3) Қаражаттарды арзанға тарту және қымбат бағалы қағаздары орналастыру арқылы банктің қажетті мөлшерде пайдасын қамтамасыз ету.*



- *Банктің активтік операцияларының құрылымын талдау дегеніміз* – банк ресурстарын пайдаланудың негізгі бағыттарын талдау. Бұл жағдайда банк ресурстарын кімге, қандай мақсатқа және қанша мерзімге берілгендігі туралы мәселе қойылады. Активтік операцияларды талдау үшін ең алдымен, несиелеу көрсеткіштері, банк балансының өтімділігі және әртүрлі активтік операциялардың тәуекел мөлшері анықталады.

- 
- *Банк активтерін басқарудың негізгі міндетіне* банк балансының өтімділігін сақтай отырып, оның табыстылығының мөлшерін арттыру жатады.

- 
- *Банктің әртүрлі активтерінің табыстылық мөлшері және оның тәуекел деңгейі әртүрлі болып келеді. Сондықтан активтерді басқару барысында банк оларды келесі белгілері бойынша жіктейді:*
 - *активтердің жұмсалыу мерзімі бойынша;*
 - *олардың әкелетін табыстылық мөлшері бойынша;*
 - *тәуекел мөлшері бойынша.*

Дүниежүзілік тәжірибеде банктер активтерді басқару процесінде олардың әкелетін табыстылығын және олардан келетін тәуекелдерді алдын-ала болжау, есептеу барысында математикалық модельдеу әдісін қолданады. Ол әдістің негізгілеріне мыналар жатады:

- 1) бір факторлы немесе көп факторлы корреляция әдісі;
- 2) регрессия әдісі;
- 3) статистикалық - математикалық әдіс;
- 4) дискреттік талдау әдісі;
- 5) ықтималдықтар теориясы.

- 
- *Комерциялық банктердің қаржылық нәтижелерін талдау барысында есеп беру кезеңінің табыстылық көрсеткіштері бұрынғы өткен табыстылық көрсеткіштерімен салыстыра отырып, динамикасын анықтауға бағытталады.*
- 

- Егер банктің негізгі қаржылық көрсеткіштері өсу динамикасын көрсетсе және банктің операциялық табыстарының үлесі ұлғайса, оның активтерінің сапасының өскендігін көрсетеді және жалпы қаржылық жағдайының жақсарғанын көрсетеді.





*Назарларыңызға
рахмет!!!*